



«БЕКІТЕМІН»  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу ісі  
жөніндегі проректоры

А.Хикметов

2020 ж.

### 2020 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не докторантураға түсу емтиханын өткізу бойынша нұсқаулық

1. Докторантураға түсу емтихандары университеттің Ғылыми-әдістемелік (академиялық) кеңесімен бекітілген бағдарламалар бойынша жүргізіледі.
2. 2020-2021 оқу жылында түсу емтихандарының бағдарламаларымен <https://welcome.kaznu.kz/ru/21752/page> сайты арқылы танысуға болады.
3. Докторантураға түсу емтихандарының кестесін <https://welcome.kaznu.kz/ru/18098/page> сайтынан қарауға болады.
4. Докторантураға түсу емтихандары бейнебақылаумен жабдықталған аудиториялардағы компьютерлерде электронды түрде өткізіледі.
5. Емтиханға қатысу үшін үміткер емтихан кестесіне сәйкес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ корпусына емтихан басталғанға дейін 1 сағат бұрын келуі қажет.
6. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болуы қажет. Болмаған жағдайда үміткер емтиханға жіберілмейді.
7. Жеке қорғаныс құралдары (бетперде) жоқ үміткерлер емтиханға жіберілмейді.
8. Аудиторияларда қатысу парағына сәйкес компьютерлерге отырғызылады және жеке құпиясөздер беріледі.
9. Емтихан «Оқулық» БҚ-да жүргізіледі. Емтиханның өткізілуі туралы нұсқаулықпен <https://welcome.kaznu.kz/ru/21844/page> сайты арқылы танысуыңызға болады.
10. Аудиторияда берілген логин мен құпиясөз бойынша [app.oqulyq.kz](http://app.oqulyq.kz) сайтында авторизациялаудан өтуі керек: Логин – тіркелу барысында көрсетілген ұялы телефон нөмірі 7(\*\*\*)\*\*\*-\*\*-\*\* форматында, Құпиясөз – «ЖСН-ТЖК». ТЖК аудиторияда беріледі.
11. Сайтта авторизациялаудан кейін бағдарлама интерфейсінің тілін таңдау және емтихан батырмасын басу қажет.
12. Емтихан басталуының алдында үміткер емтиханды өткізу ережелерін қабылдауы тиіс.
13. Үміткер тарапынан келесідей ереже бұзушылықтар анықталса, емтихан нәтижелері жойылады шығарылады:
  1. Емтихан өткізілуі барысында электрондық немесе қағаз жүзіндегі рұқсат етілмеген қосалқы құралдардың, ұялы телефонның, микроқұлақпақтың және басқа да құрылғылар мен құралдардың болуы және/немесе қолданылуы;
  2. Басқа интернет парақшасын (браузердегі қосымша бет) ашу немесе оған өту;
  3. Компьютерде немесе телефонда қосымша бағдарламаларды қолдану және/немесе ашу;

4. Емтихан тапсыру барысында әлдебіреумен сөйлесу, екінші тараппен ауызша сыбырласу;
5. Академиялық адалдықты бұзу ретінде танылатын басқа да бұзушылықтар, кезекшінің жұмысына жасалатын кедергілер.
14. Емтихан нәтижесінің жойылуы бойынша шешімді аудиториядағы кезекшілер қабылдайды және жұмыстың жойылуы бойынша хаттама рәсімделеді.
15. Емтихан тапсыруға 180 минут беріледі. Үміткер емтиханды уақытынан бұрын немесе белгіленген уақытта «Емтиханды аяқтау» батырмасын басу арқылы аяқтай алады.
16. Емтихан тапсыру барысында пайда болған сұрақтар немесе техникалық ақаулар бойынша аудиториядағы кезекшіге жүгіну қажет.
17. Емтихан кезінде бетперде тәртібін бұзуға, басқа емтихан тапсырушы тұлғалармен байланысқа түсуге, кезекшілердің жұмысына кедергі келтіруге тыйым салынады.
18. Түсу емтиханы қайтадан тапсырылмайды.
19. Түсу емтихандарының нәтижелері Қабылдау комиссиясымен университеттің веб-сайтында өткізілген күні жарияланады.
20. Емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін емтихан нәтижелерімен келіспеген үміткер апелляцияға өтініш беруге құқылы.
21. Апелляцияға өтінішті, апелляциялық комиссияның төрағасы атына докторантураға түсуші үміткердің өзі, Қабылдау комиссиясының хатшылығына өткізеді.
22. Апелляциялық өтініштер түскен күні сағат 15.00-ден кейін қарастырылады. Апелляцияға беруші үміткердің апелляциялық комиссия отырысына қатысуы міндетті.
23. Апелляциялық комиссия өтініштерді қарастыру кезінде апелляцияға беруші тұлға жеке басын куәландыратын құжатын береді.
24. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке жұмыс жасайды. Апелляциялық комиссия отырысына үміткер келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қарастырылмайды.
25. Апелляциялық комиссия түсу емтиханының нәтижесі бойынша апелляцияға берген тұлғаға балл қосуы немесе өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдайды.
26. Апелляциялық комиссияның шешімі соңғы және өзгертілмейтін болып табылады.